

«6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған Мынбаева Акбилек Пазылхановнаның «Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру (ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесінде)» атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

Қазіргі білім беру мазмұнының өзгермелі парадигмасында мәдени-тілдік құзыретті білім беру, оның компоненттерін антропоцентристік бағытта қарастырудың маңызы зор. Бүгінгі ғаламдану үдерісінде ұлттық құндылықтар арқылы тұлғаның рухани дамуын көздейтін тілдік дағдыларды қалыптастыру үрдісі күн тәртібінен түскен емес. Сонымен қатар, білім алушылардың мәдени құзыреттілігінің негізін салушы санатындағы жоғарғы оқу орнының заманауи оқу үдерістері осы күнде дәстүрлі жағдайынан өзгермеген, әрі аталған мәселені шешуге арналған толыққанды мүмкіндіктер жасалынған. Осы ретте ізденуші Мынбаева Акбилек Пазылхановнаның «Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру (ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесінде)» деп диссертациялық жұмысының аталуы, мәдени-тілдік құзыреттіліктің басқа құзыреттіліктен ара-жігі ажыратылып, бір ізге түсірілуі, сонымен қатар мәдениет пен тілдің жеке және бірлікте қарастырылуы жұмыстың маңыздылығын айқындады.

Сондай-ақ, көптеген зерттеу жұмыстарында білім алушылардың тіл мәдениетін қалыптастырудың мәселелері жүйелі зерттеліп келді. Бірақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде мәдени-тілдік құзыреттілікті мәтін арқылы қалыптастыру әдістемесі кешенді түрде қарастырылмағандықтан, зерттеудің негізгі нысаны болып табылды.

Мәдени-тілдік құзыреттіліктің ғылыми түрдегі құрылымы туралы, анықтамалары жан-жақты пікірлерге сүйенген. Сондықтан мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда магистранттардың тұлғалық және кәсіптік өсуінде тіл арқылы мәдениетті білу, мәдениет арқылы тілді білу екі жақты күрделі үдеріс. Құзыреттілікті мәдени тұрғыдан және тілдік тұрғыдан мәтін негізінде қарастыру, болашақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің магистратурасын бітірген маманның көп қырлы тұлғалық және кәсіптік құзыреттілігін, мәдениетке қатысты мәтін арқылы жүйелі түрде қалыптастыру, сонымен қатар теориялық және тәжірибелік тұрғыдан өзара бірлікте тұжырымдау зерттеу жұмысының өзектілігін дәлелдейді.

Магистратураға арналған «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» курсының бағдарламасы дайындалып, жоғары және орта мектептің, ЖОО-ның болашақ оқытушыларының кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыратын білім беру мазмұнының моделі ұсынылды. Жұмыстың жаңалығы туралы ізденуші алғашқылардың бірі болып мәдени-тілдік құзыреттілікті кең мағынада қарастырып, оны жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіне кешенді мәтін арқылы оқыту әдістемесі ретінде ұсынып отыр.

Диссертацияның теориялық және тәжірибелік қорытындылары қазіргі қазақ тіл біліміндегі қазақ тілінің семантикасы, лингвомәдениеттану, тіл мәдениеті салаларына құзыреттілік тұрғыдан ғылыми толықтырулар ұсынып, көркем мәтіннің мәдени-тілдік қызметін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде меңгертуге белгілі дәрежеде үлес қосады. Жұмыстың зерттеу материалдарын, нәтижелері мен пайымдауларын жоғары оқу орындарында «Қазақ тілінің семантикасы», «Лингвомәдениеттану», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Тіл мәдениеті» пәндері бойынша оқытылатын дәрістерде, тәжірибелік сабақтарда пайдалануға болады.

Ізденуші Мынбаева Акбилек Пазылхановнаның **«Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру (ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесінде)»** атты диссертациялық жұмысы үш тараудан тұрады. «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші тарауда қазіргі ғылыми-педагогикалық парадигмадағы мәдени-тілдік құзыреттілік мәселесі, филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудағы мәтін орны және маңызы, лингвистикалық аспектісі, тіл мен мәдениет бірлігінің тұтастығы қарастырылған.

«Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық жүйелері» атты тарауда зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалынған. Осы талдау нәтижесінде жасалған тұжырымдамалар және ұстанымдар арқылы ЖОО-дан кейінгі білім беру үдерісінде филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздемесі айқындалды. Жұмыстың тағы бір жаңалығы ретінде диссертант жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктерін ашып көрсетті. Осы психологиялық ерекшеліктері зерттеу нысанына сәйкес магистранттарға тән ерекшеліктері кәсіби даярлығы және тұлғалық қасиеттерімен сабақтастықта талданған. Жастық кезеңіндегі магистранттардың мәтінді қабылдаудың, оған концептуалды талдаудың тұлға санасында көрініс табатын «әлемнің тілдік бейнесімен» байланыстырылған.

«Магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың эксперименттік-тәжірибе жұмысы» атты тарауда филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыруда талдау түрлері мен білім беру мазмұны, әдістері мен тәсілдері жүйеленіп, олардың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың қорытындылары арқылы дәлелденді. Зерттеуші тарапынан диссертациялық жұмыстың мазмұнынан құралған, ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келетін 17 мақала халықаралық және шетелдік конференцияларда жарияланып, қосымша оқу пәннің жұмыс оқу бағдарламасы құрастырылған.

Ізденуші Мынбаева Акбилек Пазылхановнаның **«Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру (ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесінде)»** атты диссертациялық жұмысы жеке жазылған

ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сай жазылған. Ғылыми жұмысқа қойылатын стандартты талаптар толық сақталған. Ғылыми жұмыстың мәтін көлемі, шрифт өлшемдері және тағы да басқа техникалық талаптар сақталған.

Осы аталғандардың негізінде «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша /PhD/ философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған Мынбаева Акбилек Пазылхановнаның «Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру (ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесінде)» атты жұмысы ғылыми аппараты дұрыс, Қазақстан Республикасы БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетін, тілтаным мен тілді оқыту әдістемесінің теориясы мен практикасының одан әрі дамытылуына үлес қоса алатын толық аяқталған зерттеу деп, ресми кеңесте қорғауға дайын және әбден лайық деп бағаланады.

**Ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор**



Растаймын: Абай атындағы ҚазҰПУ
Кәдр бөлімінің бастығы
Р.А.Шаханова
Қолы Р.А.Шаханова
Подпись Начальник отдела кадров
КазНПУ имени Абая